

А И Қ Ы Ы Н

Дуалдық білім алғандар жұмыс табады

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылғы Жолдауында елімізде дуалды білім жүйесін дамытудың маңыздылығын атап көрсеткен болатын. Осы Жолдауды іске асыру мақсатында Үкіметіміз «Дуалды білім жүйесін дамытудың жол картасын» қабылдады.

Дуалдық оқыту жүйесі – кадрлар даярлаудың тиімді әрі жаңаша тәсілі. Оның ерекшелігі – кәсіптік оқытудың көп бөлігі оқу орнында емес, мекемеде өтетіндігінде. Аталған жүйе бойынша білімгер өз уақытының 70-80% -ын тікелей өндірісте, тек 20-30%-ын ғана колледжде өткізуді көздейді. Дуалдық модель – бизнес, болашақ маман және мемлекет мүддесінің біріктірілуі. Бұл жүйені Германия мықтап қолға алған. Яғни Германияда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды. Нәтижесінде, білікті маман арқылы экономика дамиды. «Сондықтан да немістің дуалды білім беру жүйесі бізде толығымен қолданылуы керек» деген-ді Елбасы.

Дуалдық білім жүйесін дамытудың жол картасын іске асыруға байланысты Алматы қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың корпоративтік оқу орталығы «Қазақстанның ядролық университеті» ЖШС ұйымдастыруымен «Кадрлық резерв, кәсіптік бағдар және дуалды оқыту» форумы болып өтті. Онда дуалдық оқыту жүйесін енгізу және кәсіпорындардың салалық оқу орындарымен қарым-қатынасын дамыту арқылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үшін білікті мамандар даярлаудың өзекті мәселелері талқыланды. Форум жұмысына «Самұрық – Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың, Білім және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің өкілдері мен Өскемен, Маңғыстау, Семей, Оңтүстік Қазақстандағы Таукент кәсіптік-техникалық колледждерімен әлеуметтік- әріптестік келісімшарттарға қол қойған сала кәсіпорындарының өкілдері қатысты. Арнайы шақырылған дәріскерлер форумға қатысушылардың алдын ала дайындаған сұрақтарына толыққанды жауап беруге тырысты.

Форум жұмысы барысынан ұққанымыз, біз үлгі етіп отырған Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі маман даярлаудың дуалдық оқыту жүйесі бұрынғы Кеңес одағындағы кәсіптік білім беру жүйесіне ұқсайды екен. Мұны немістердің өздері де

мойындаса керек. Кеңес одағы тұсында өндіріс, білім беру, маман даярлау мәселесінде біртұтас жүйе болды, соған сай қаржы жоғарыдан шешіліп отырды. Қазір бізде қалай? Үшеуі үш бөлек. Мәселен, колледждер студенттерін өндіріске практикалық тәжірибе жинақтауға апарды делік. Бұл әрине, бір-екі адам емес, қарасы қалың топ болары анық. Оларға арнайы жұмыс киімі, өндіріс орны қашық болғандықтан, жатын орын, ас-ауқат керек. Оны қамтамасыз етуге колледждердің қалтасы көтермейді. Ал өндіріс орнында да, Білім беру министрлігінде де бұл үшін қаражат бөлу қарастырылмаған. Бұған сонда кім жауапты? Көрдiңiз бе, сондықтан да дуалдық оқыту жүйесі бізде ақсаулы. Осы мәселені заңдық тұрғыда шешу жайы Парламент депутаттарына ұсынылғанымен, ол әлі алғашқы сатысында ғана көрінеді, қашан нақты қолға алынары белгісіз. Осы жайын сұрағандарға Білім және ғылым министрлігінің өкілі Е.Бұрханов өздерінде де бұл мәселе әлі қаралып жатпағанын айтып, жауап берді. Ал Германия секілді елдерде бұл мәселедегі қаржыны көтеруге мемлекет пен аймақ әкімшілігі жауапты екен. Ал бізде ше? Қазіргідей қаржы бөлінбеген жағдайда дуалды білім беруге өндіріс орны да, оқу орны да құлықсыз болатыны белгілі. Жауапкершілікті ешқайсысы шындап мойнына алғысы келмейтіні хақ. Ал оны іске асыруға арналған тегік әлі іске қосылмаған. Сондықтан баяғы дәстүрлі оқыту жүйесі үстемдік құрып тұр. Дуалдық білім берудегі даулы мәселе деп отырғанымыз – осы.

Әрине, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ болашақ салалық мамандарды мектеп бітірушілер арасынан өздері іріктеп алып, Ресейдің, басқа да шетелдік жетекші оқу орындарында оқытуға қаржы бөліп келе жатқаны белгілі. Бірақ Ұлттық атом компаниясының сол студенттердің оқуын қадағалауға құқы жоқ. Олар шындап білім алып жүр ме, әлде қаржысы алдын ала төленіп қойылғандықтан, әншейін уақыт өткізіп жүр ме, оны қадағалауға атсалыса алмайды. Бұл да – білікті маман даярлауға қатысты шешімін күткен өзекті мәселе.

Сонымен, дуалдық оқыту технологиясының артықшылығы не десек, форумға қатысушылар ол бойынша білім алғандардың 90 пайызы жұмыс табады деген сенімде. Біздің қосарымыз, бұл үрдіске кәсіптік-техникалық оқу орындары ғана емес, болашақта жалпы білім беретін мектептер де тартылса, мектеп оқушыларының болашақ мамандығын дұрыс таңдауына көмектесіп, әлеуметтік қорғалуына кепілдік берер еді.

Тәшенов Төреғали